**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН ЭЛЕКТР ИНЖЕНЕРИЯСЫ КАФЕДРАСЫНЫҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ**

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ

**«Бекітемін»**
Факультет деканы
_______________ Нажи Генч
«16» 09 2024 ж.

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН ЭЛЕКТР ИНЖЕНЕРИЯСЫ КАФЕДРАСЫНЫҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ

Электр инженериясы
кафедрасының меңгерушісі
_______________Абдикулова З.К.

Кентау 2024

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН ЭЛЕКТР ИНЖЕНЕРИЯСЫ КАФЕДРАСЫНЫҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ**

# МАЗМҰНЫ


1. Сыртқы орта мен ағымдағы жағдайларды талдау
2. Миссия, мұрат, құндылықтар және даму перспективалары
3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, мақсатты индикаторлар және оларға қол жеткізу міндеттері
4. 2026 жылға қарай күтілетін негізгі нәтижелер
5. Мақсатты индикаторлар мен тиімділік көрсеткіштерін анықтау
6. Ресурстар

# 1. СЫРТҚЫ ОРТА МЕН АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ТАЛДАУ

## 1.1. Инженерия бағытының дамуының әлемдік тенденциялары:

– Soft Skills. Технологияны кеңінен қолдану және жұмыс орындарында цифрлық құралдардың көбеюі адамдардың бетпе-бет сөйлесу дағдыларын төмендетуі мүмкін. Нәтижесінде эмпатия, қарым-қатынас және ынтымақтастық сияқты жұмсақ дағдылар әлсіреуі мүмкін. Сондықтан, жұмсақ дағдыларды, оның ішінде қарым-қатынас, өзін-өзі басқару, сыни ойлау, басқару және т.б. дамыту;

– оқытуды жекелендіру:

– жеке білім беру траекториясын және үздіксіз білім беруді еркін таңдау арқылы дағдылар мен құзыреттіліктерді меңгеру;

– білім берудің қол жетімділігін арттыру арқылы олардың жеке білімділік қажеттілігін, оқу материалын игерудің қарқыны мен деңгейін ескере отырып білім алушылардың мүмкіндігін жетілдіру;

– білім алушының белсенді әрекетін қалыптастыруын ынталандыру: оның уәжін, әлеуметтік белсенділігін, дербестігін арттыру, соның ішінде оқу материалын игеруде рефлексия мен өзін-өзі талдау қабілеттерін арттыру, нәтижесінде білім беру процесінің тиімділігін тұтастай арттыру;

– оқытушы стилін өзгерту: білімді трансляциялаудан білімгерлердің өз идеяларын құрастыруға жағдай жасайтын интербелсенді қарым-қатынасқа ауысу;

– мақсатқа бағдарланған білім алу қажеттілігін білімгердің қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып өздігінен ізденішулігін арттыруды қамтамасыз ету.

– МООС қашықтықтан білім беру курстары ғана емес, бұл әртүрлі іс-шаралардың үлкен кешенін қамтитын оқытудың жеке әдістемесі;

– когнитивті әртүрлілікті мойындау. Қазіргі заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану болашақ мұғалімдердің ақпараттық, арнайы пәндік, пәнаралық, әдістемелік құзыреттерін қалыптастыруға, табиғи және әлеуметтік-экономикалық үрдістер мен құбылыстардың қалыптасу заңдылықтары туралы білімдерін тереңдетуге, білім алушылардың білім сапасы мен танымдық белсенділік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

– білім беруді ақпараттандыру;

– бағдарламаны интернационалдандыруды күшейту;

– ғылыми-зерттеу дәстүрлерін сақтай отырып, үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік жағдайларға және тәжірибелік бағытқа тез бейімдеу.

## 1.2. Аймақтың сипаттамасы

Оқу ғимараты Түркістан облысы, Түркістан қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 30 км-дей жерде, Қаратау жотасының етегінде орналасқан. Ғимараттың Кентау қаласында орналасқаны білім беру бағдарламалары үшін үлкен мүмкіндік береді, себебі, Кентау – Қазақстандағы машина жасау, металл өңдеу және тау-кен өнеркәсібі орталықтарының бірі. Қала экономикасындағы ірі кәсіпорын: «Кентау трансформатор зауыты» АҚ – еліміздегі трансформатор жасайтын жалғыз зауыт бар. Яғни, студенттеріміз үшін тәжірибе алмасу мүмкіндігі артып қана қоймай, жұмысқа орналу көрсеткішінің артуына да септігін тигізеді.

Қала маңайында күн энергетикасын дамытуға зор мүмкіндіктер бар. Күн элементтерін әзірлеу саласында отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарымен бірлескен зерттеу жұмыстары жүргізілетін болады.

Кентау - өнеркәсібі дамыған қала. «Экскаватор» ААҚ – металл өңдеп, машина жасайды. Барий өнімдерін, түсті металл концентраттарын өндіретін «Оңтүстік түстіметалл» ЖАҚ-қа Кентау байыту фабрикасы, Ащысай металлургия цехы, темір жол

цехы кіреді. Кентауда 2018-2025 жылдары өнеркәсіп саласында жобалық құны 55,5 млрд. теңгені құрайтын 9 инвестициялық жоба іске асырылып жатыр. Қазіргі таңда Кентауда инфрақұрылымды қалыптастыру ісі ең басты заңдылық. Құрылыс саласы мен табиғи газ мәселесі де осы істің бір тармағы.

Кентау қаласы үшін басым бағыттар болып мыналар табылады:

- облыс орталығына жақын жерде болуы;
- халықтың тығыз орналасуы;
- өндіріс ошақтарының ашылуы;
- инфрақұрылымның дамуы;
- халықаралық қатынастардың күшеюі;
- туризмның дамуы;
- зияткерлік мектептердің көптеп ашылуы;
- өмір сүру үшін жайлы аймақ болуы;
- қаланың экономикасының дамуы.

### 1.3. Ахмет Ясауи университеті: Инженерия факультеті, Электр инженериясы кафедрасы

Факультет 2004 жылдың қазан айында «Ақпараттық технологиялар және инженерия факультеті» болып құрылды. Сенаттың шешімімен 2014-2015 оқу жылынан бастап факультет атауы «Инженерия факультеті» болып өзгертілді.

Кафедра бакалавриат, магистратура деңгейлерінде 5 білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар дайындайды. Мамандарды дайындауды кафедраның профессорлары мен оқытушылары жүзеге асырады. Білім беру бағдарламаларының ерекшеліктеріне сәйкес білім алушыларға арнайы зертханалар, интерактивті тақтасымен оқу кабинеттер, электронды кітапхана, оқу залы мен компьютерлік кабинеттер қызмет көрсетеді.

Электр инженериясы кафедрасының ұжымы елімізге жас мамандар даярлауға аянбай еңбек етіп, еліміздің болашағы үшін өз үлесін қосуда. Кафедрада 3 ғылым докторлары, атап айтқанда профессор Нажи Генч ,профессор Мустафа Нурсой, техн.ғ.д. Рустамов Н.Т. және 1 PhD доктор, 2 ғылым кандидаты өз білімдерін студенттерге беруде тынымсыз еңбек етуде. Сонымен қатар, Туркиядан келген PhD., профессор Нажи Генч Scopus базасы бойынша Хирша индексі h=15, Электр инженериясы кафедрасында қызмет етеді. Кафедра бойынша ғылыми дәрежелі оқытушы-профессорлар 50% құрайды. Кафедраның ерекшелігі келесідей:

- Еліміздің түрлі ғылыми-зерттеу институттарында тәжірибелерін өткізуі;
- Кафедрада білікті оқытушы-профессорлар құрамы үлесінің артуы;
- Тәжірибиелік дағдыларды нығайту мақсатында теориялық алған білімдерін арнайы практика базаларында жүзеге асыруы;
- Түркия Республикасы және басқа да шетелдік ЖОО-ның профессорларының факультет студенттеріне дәріс беруі;
- Академиялық ұтқырлық бойынша студенттердің шетелдік ЖОО-да білім алуы;
- Үздік оқыған студенттер Түркия мемлекеті тарапынан бөлінген квота мен грант орындарына ашық конкурс нәтижесінде ие болу мүмкіндігі;
- Студенттерге қол жетімді ақпараттардың университет және факультет сайттарында болуы;
- Кітапхана, спорт кешендері, студенттік асхана және жатақханамен қамтамасыз етілуі.

2023-2024 оқу жылында Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінің (IQAA) бағдарламалық аккредиттеу процедурасынан бакалавриат бойынша 3 білім беру бағдарламалары өтіп, 5 жыл мерзімге сертификатталды.

Кесте - 1. БББ аккредиттеу мекемесі мен уақыты.

| Кафедралар | Саны | БББ атауы | БББ шифры | Оқыту бағдарламасы | Аккредитттеу орны, күні | Білім алушылар саны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Электр инженериясы кафедрасы | 5 | Автоматтандыру және басқару | 6B07154 | Бакалавриат | Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA), 30.03.2024 ж. | 37 |
| | | | 7M07158 | Магистратура | Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA), 06.05.2023 ж. | 1 |
| | | Электр энергетикасы | 6B07153 | Бакалавриат | Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA), 30.03.2024 ж. | 74 |
| | | | 7M07130 | Магистратура | Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (IAAP), 20.05.2020 ж | 1 |
| | | Машина жасау | 6B07189 | Бакалавриат | Жаңа БББ 2024-2025 оқу жылында ашылды | 8 |

Инженерия және инженерлік іс даярлау бағытында 5 білім беру бағдарламалары бар, оның ішінде 6В07153- Электр энергетикасы 2022 жылы реестрде Бірлескен ББ (Ғ.Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті) болып жаңартылған. Білім беру бағдарламасына сәйкес кадрларды даярлау бағыты бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық және (немесе) ғылыми-әдістемелік және (немесе) шығармашылық және (немесе) эксперименттік 8 базамен қамтамасыз етілген.

| БББ | 2022-2023 оқу жылы | | | | | 2023-2024 оқу жылы | | | | | 2024-2025 оқу жылы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | грант | ТТЕ | квота | ақылы | жалпы | грант | ТТЕ | квота | ақылы | жалпы | грант | ТТЕ | квота | ақылы | жалпы |
| **6B07153-Электр энергетикасы** | **8** | | | **2** | **10** | **21** | | | | **21** | **12** | | | **3** | **18** |
| **6B07154-Автоматтандыру және басқару** | **4** | **1** | | | **5** | **9** | | | **3** | **12** | **6** | | | | **6** |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **6В07189-Машина жасау** | | | | | | | | | | | **8** | | | | **8** |

Сурет – 1. **Кафедра бойынша соңғы 3 жылда қабылданған білімгерлер мәліметі (БАКАЛАВРИАТ)**

| **БББ** | **2022-2023 оқу жылы** | | | **2023-2024 оқу жылы** | | | **2024-2025 оқу жылы** | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **грант** | **ақылы** | **жалпы** | **грант** | **ақылы** | **жалпы** | **грант** | **ақылы** | **жалпы** |
| **7М07158-Автоматтандыру және басқару** | **3** | | **3** | | | | | | |
| **7М07130-Электр энергетикасы** | **5** | | **5** | **1** | | **1** | **1** | | **1** |

Сурет – 2. **Факультет бойынша соңғы 2 жылда қабылданған білімгерлер мәліметі (магистратура)**

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН ЭЛЕКТР ИНЖЕНЕРИЯСЫ КАФЕДРАСЫНЫҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ**

## SWOT - талдау

| S (strenght) – Күшті жақтары | W (Weaknesses) – Әлсіз жақтары (ықтимал негативті ішкі факторлар) |
|---|---|
| 1. Кафедра қызметкерлерінің импакт-факторлы шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалары жариялануы;<br>2. Ғылыми дәрежесі бар жас ОПҚ санының артуы;<br>3. Кафедра ғалымдарының ҚР ҒЖБМ тарапынан және Ғылым қоры тарапынан гранттық қарлыжандару жұмыстарының жүзгізілуі.<br>4. Дуальді білім жүйесін жүзеге асырылуы.<br>5. Сапа менеджментін енгізу және оны тұрақты іске асыру;<br>6. Жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастық;<br>Практик мамандармен қамтамасыз етілуі.<br>7. Жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде пәндер енгізілуі.<br>8. Білім беру бағдарламасын әзірлеу университеттің бекітілген ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы;<br>9. Білім беру бағдарламасы студенттер мен жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып әзірленуі.<br>10. Кәсіптік, жеке құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім беру бағдарламасын іске асыруда оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін кеңінен қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастырылуы;<br>11. Академиялық сапаны жақсарту мақсатында ПОҚ қызметін бағалаудың ашық жүйесінің жұмыс жасауы;<br>12. Оқу процесін сүйемелдеудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің болуы.<br>13. Студенттердің оқудан тыс қызметін қамтамасыз ету үшін университеттің дамыған инфрақұрылымының болуы;<br>14. Қазақстан мен Түркия тарапынан білім алушыларға арналған мемлекеттік білім беру гранттарының жеткілікті мөлшерде ұсынылуы;<br>15. Университетте білім алушылар үшін тілдік курстарды оқыту мүмкіндігінің болуы;<br>16. Білім алушылар контингентінің динамикалық өсуі;<br>17. Түлектердің 80% жұмысқа орналасуы;<br>18. Кафедра профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық және кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыруы;<br>19. Электронды кітапхананың болуы (http://lib.ayu.edu.kz; http://rmebrk.kz) интернет арқылы электрондық каталогтың дерекқорына және толық мәтінді құжаттарға қолжетімділік береді;<br>20. Білім алушылардың академиялық үлгерімі туралы ақпараттың қолжетімділігі;<br>21. Білім алушылар мен қызметкерлердің мәдени және зияткерлік дамуы, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жасалған жағдайлар;<br>22. Білімгерлердің өзін-өзі басқару ұйымдары белсенді жұмыс істеуі; | 1. Материалдық техникалық базаның ескіруі<br>4. Түрік, ағылшын тілдерін меңгерген оқытушылардың аздығы<br>6. Оқуын аяқтағаннан кейін үш жылы ішінде қорғамаған докторанттардың болуы<br>7. ББ бойынша оқытушы, білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша өте төмен көрсеткіші;<br>8. Халықаралық бірлескен білім беру бағдарламаларының аздығы;<br>9. ОПҚ-ның ғылыми, гранттық жобаларға аз қатысуы |

| | |
|---|---|
| 23. Жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмысының болуы;<br>24. Жарнамалық материалдарды университеттің қаржыландыруы;<br>25. Университет сайтын оқиғалар жарнамасында кеңінен қолдану;<br>26. Кәсіптік бағдарлау жұмыстарының жүйелі формасының болуы.<br>27. Интернет желісінің жылдамдығы жоғары<br>28. Халықаралық бірлескен білім беру бағдарламаласы бар<br>29. Бірлескен білім беру бағдарламаларының болуы<br>30. Оқытушылардың жұмыс жасауы үшін, барлық жағдай қарастырылған, жеке кабинетпен қамтамасыз етілген | |
| **O (opportunity)** мүмкіндіктері | **Т (Threats) ‑ қауіптер (ықтималды негативті сыртқы факторлар)** |
| 1. ҚР ҒЖБМ тарапынан гранттық қаржыландыру жұмыстарының есебінен жаңа зертханалар ашу және магистрант, докоранттар дайындау;<br>2. Оқу орнымызда жұмыс жасайтын лингвистикалық орталықты пайдаланып ОПҚ-ның ағылшын және түрік тілдері деңгейін жетілдіру.<br>3. Қос дипломды және бірлескен бағдарламалар санын көбейту<br><br>4. Инновациялық білім беру бағдарламаларын ашу<br>5. Мемлекеттік, халықарлық гранттық жобаларға қатысу.<br>6. Топ 500-ге кіретін әлемдік университеттерден тағылымдамадан өту.<br>7. Бітіруші түлектердің 80 пайыз жұмыспен қамтылуы.<br>8. Кафедралардың ғылыми әлеуетін көтеру.<br>9. Ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлықты күшейту.<br>10. ПОҚ-ның гранттық жобаларға қатысуы мүмкіндігінің бар болуы;<br>11. Жұмыс берушілер мен білім алушылардың пікірлерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеу мүмкіндігі;<br>12. Практика базаларын кеңейту, түлектермен ынтымақтастықты дамыту;<br>13. Студенттерге үздіксіз білім беру мүмкіндіктері.<br>14. Талапкерлердің ББ-ға қызығушылығының өсу тенденциясы;<br>15. ББ бойынша бөлінетін мемлекеттік гранттар санының артуы;<br>16. ПОҚ-ның оқу үрдісінде жаңа оқыту технологияларын белсенді пайдалануы;<br>18. ББ бағдарламаларының оқу-әдістемелік кешенін қалыптастырылуы.<br>19. БАҚ-ның әртүрлі сайттарында қолжетімді жарнама қызметтерін ұйымдастыру | 1. Ғылыми дәрежесі бар ОПҚ-ның орта жасының ұлғаюы.<br>2. Ұлттық және халықаралық деңгейде жоғары білім беру саласындағы жоғары бәсекелестік.<br>3. Автоматтандыру және басқару БББ саласы бойынша білім алушылар мен магистранттардың жыл сайын азаюы |

## 2. МИССИЯ, МҰРАТ, ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

### 2.1. Университет миссиясы: Терең тарихтан жарқын болашаққа!

Қожа Ахмет Ясауидің іліміне сүйене отырып, академиялық принциптерге сай түркі әлемінде алдыңғы қатарлы, білікті және жаңашыл тұлғаларды тәрбиелейтін университет болу.

**Факультеттің миссиясы** - Оқу мен оқытуды білетін бүкіл әлемде табысты болатын инженерлерді дайындау және ғылым мен техниканы әлеуметтік трансформациялауға жетекшілік ету.

### 2.2 Университеттің стратегиялық Мұраты:

Қазақстан мен Түркияның ынтымақтастығы негізінде әлемдік деңгейде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін, Түркі әлеміне бағыт беретін білікті мамандар дайындайтын университет.

**Факультеттің мұраты-** Білікті инженерлерді даярлау, біздің елімізде ақпарат пен технологияларды өндіруге, басқаруға, пайдалануға және таратуға үлес қосу.

### 2.3 Құндылықтар

Университеттің **негізгі құндылықтары** Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы мен әмбебап академиялық этиканың синтезі негізінде қалыптасады:

| | |
|---|---|
| **1. Серіктестік және құрмет** | университет өз қызметінде құрылтайшы мемлекеттердің достық, теңдік пен мәдени айырмашылықтарға сүйенетін ұстанымдарын жоғары бағалайды. Басты қағидатымыз – адамға, оның құқықтары мен қадір-қасиетіне құрмет. Біз бір команда болып, серіктестікте жұмыс істейміз, әрі қай әріптестерімізді қолдауға әзірміз. Бір-бірімізге ізгі ниет танытамыз, жігер беріп, шабыт сыйлаймыз. |
| 2. **Ашықтық және сенімділік** | қызметімізді ашық жүргіземіз, мүдделі тараптардың бәрі де, жалпы көпшілік те бәрін еркін көре алады. Университет басшылығындағы лауазымды қызметкерлердің бәрі өз шешімдеріне, әрекеттеріне және олардың салдарына жауап береді. Өз пікірімізді ашық айтамыз және өзгелердің пікіріне құлақ асамыз. Білім алушыларымызды, оқытушылар мен қызметкерлерімізді тыңдай аламыз, ести білеміз жәнеолардың нақты қажеттерін түсінеміз. Бір-бірімізге арқа сүйеп, қоғамдық сенім мен әлеуметтік капитал қалыптастырамыз. Университет ұжымындағы барша адаммен ұзақ мерзімді сенімді қарым-қатынас қалыптастырамыз. |
| 3. **Әділдік және адалдық** | университетіміздің қызметкерлері мен білім алушыларының бәрі әділдік қағидатын ұстанады. Университет басшылығы ешқашан қызметкерлерді кемсітуге жол бермейді және оларды меритократияға сүйеніп басқарып, еңбегін құрметтейді. Білім беру және ғылыми қызмет процесінде академиялық этика, ар-ождан мен әдептің жоғары стандарттарын ұстанамыз әрі қолдаймыз. |
| 4. **Біліктілік және еңбекқорлық** | бүкіл ұжым мен білім алушылар еңбекке сүйіспеншілікпен қарауға, табанды еңбек етуге және оның нәтижесіне қол жеткізуге ұмтылады. Білім беру бағдарламаларын ертеңгі |

| | |
|---|---|
| | еңбек нарығындағы сұранысты болжай алатын, бәсекеге қабілетті етіп құруға ұмтыламыз, толық кешенді құжаттамадан гөрі бізге сол маңыздырақ. |
| **5. Инновация және бейімделгіштік** | жаңашыл көзқарас, белсенді ұстаным, ұйымдастырудағы икемділік пен ұтқырлықты бағалаймыз. Өзгерістерге дайын болу бастапқы жоспармен әрекет еткеннен маңыздырақ. Үнемі жақсы нәтижелерге жетуге жаңа мүмкіндік іздейміз. Сонда ғана әлемді жақсарта түсетін жаңа идеяларды ойлап тауып, оларды іске асырамыз. |

Факультет университеттің негізгі құндылықтарын сақтай отырып, келесі құндылықтарды қалыптастырады:

Ғылыми ойлауға негізделген,
Студенттер мен түлектерге бағытталған,
Кемелдік бағытында тұрақты дамуға ұмтылу,
Өзгерістер мен дамуға ашық болу,•
Қоршаған ортаға ұқыпты қарау,
Этикалық және жалпы адамзаттық құндылықтарға мән беру,
Әлеуметтік құндылықтарды құрметтеу.

**2.4 Университет ұстанымы**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркі өркениетін жаңғыртып, әлемді Ясауи мұрасы мен қасиетті Түркістанмен таныстыру арқылы түркі әлемінің дамуы мен аса маңызды экономикалық, мәдени және гуманитарлық өңірлердің біріне айналуына өз ықпалын тигізуде.

Түркістан – көпғасырлық тарихы бар киелі жер, Еуропа мен Азияны жалғаған Ұлы Жібек жолының өмірлік күретамыры, Қазақ хандығының бұрынғы астанасы болған қасиетті қала. Бұл Орта Азия мен Қазақстанның түркі халықтарының бірегей тарихи ескерткіші – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан жер. Тәуелсіздік алған сәттен бастап Түркістанның түлеп өсуі, оған «Түркі халықтарының ортақ рухани орталығы» мәртебесін беруі тек түркі әлемі үшін ғана емес, басқа да өңірлер үшін үлкен маңызға ие.

## 3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР, МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МІНДЕТТЕРІ

### 3.2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

**Мақсат 1.1. АЯУ корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету**

Міндет 1.1.3. Адам ресурстары мен дарындыларды басқарудың институционалдық саясатын әзірлеу.

**Мақсат 1.2. АЯУ имиджін және беделін нығайту**

Міндет 1.2.1. Әлемдегі жетекші отандық рейтингілер мен университеттердің рейтингілеріндегі позицияларды жақсарту

Міндет 1.2.2. Білім, ғылым және денсаулық сақтау саласындағы жетекші отандық және шетелдік ұйымдармен жаһандық серіктестікті қамтамасыз ету

Міндет 1.2.3. Өңірдің, елдің және түркі әлемі елдері қоғамының дамуына ықпалын күшейту

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 2. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮСТЕМДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

**Мақсат 2.1. Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлау үшін білім беру экожүйесін құру**

Міндет 2.1.1. Халықаралық кампусты дамыту және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру.

Міндет 2.1.2. Білім беру бағдарламаларын тәжірибеге бағытталған талаптарды, отандық және әлемдік стандарттар талаптарын, аймақтық қажеттіліктерді және бейресми оқытуды ескере отырып, жаңарту.

Міндет 2.1.3. Қазіргі заманғы жоғары білім беру талаптарына сәйкес келетін сапалы оқу және ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету

Мақсат 2.2. Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия)

Міндет 2.2.1. Білім алушылардың интеграцияланған әлеуметтік GPA енгізу

Міндет 2.2.2. Білім алушылардың бастамаларын дамыту

Міндет 2.2.3. Білім алушының денсаулығын сақтау

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 3. ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ

Мақсат 3.1. Зерттеу экожүйесін дамыту

Міндет 3.1.1. Ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру

Міндет 3.1.2. Білім алушылардың ғылыми әлеуетін арттыру

Мақсат 3.2. Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру.

Міндет 3.2.1. Соңғы өнімі бар ғылыми зерттеулердің әлеуетін арттыру (практикалық қолдану/коммерцияландыру).

Міндет 3.2.2. Ғалымдардың жарияланымдық белсенділігі мен жарияланымдарының сапасын арттыру

Міндет 3.2.3. Ғалымдардың инновациялық белсенділігін арттыру

## 4. 2026 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ КҮТІЛЕТІН НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

Факультетті дамыту бағдарламасының міндеттерін кезең-кезеңімен жүзеге асыру 2026 жылға қарай келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

1) **Стратегиялық бағыт 1. Тұрақты институциялық даму**

- Факультет бойынша ОПҚ ғылыми дәрежелігін 50% жетеді және жас ғалымдар санын артады;
- Халықаралық сертификаттармен расталған ағылшын және түрік тілдерін меңгерген ОПҚ үлесін 12% жеткізу жоспарлануда;

- «Атамекен» рейтингінде үздік 25 %-ға енген бағдарламалар саны ең кемі 2-ке жетеді;
- Авторлық құқықпен қорғалған ең кемі 1 онлайн курс жасалады.

2) **Стратегиялық бағыт 2. Академиялық үстемдікке қол жеткізу**

- Оқуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі 80%
- Факультетте білім алатын шетелдік студенттер саны жалпы контингенттен 8% көрсеткішке жетеді;
- Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде триместр, семестр, оқу жылы мерзіміне **шетелге кеткен/келген** білім алушылар көрсеткішін 1% межеге жетеді;
- ОПҚ-ның сыртқы (келген/кеткен) академиялық ұтқырлығының үлесі 8% кем болмайды;
- Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне келген/кеткен білім алушылардың үлесі 0,65% кем болмайды;
- ОПҚ-ның жалпы санына қарай жұмыс берушілер мен бизнес өкілдерінің үлесі 10% кем болмайды;
- Білім алушылардың жалпы санынан еріктілердің үлесі (балалар үйлеріндегі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған мектеп-интернаттардағы, ҰОС және еңбек майданының ардагерлеріне арналған қайырымдылық акциялары, волонтерлік) 1,5% құрайды;
- Шығармашылық және бос уақыт клубтары мен ұжымдарының санын 2-ке жетеді.

3) **Стратегиялық бағыт 3. ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ**

- ҒЗТКЖ (Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар) жүзеге асыратын ғалымдар мен зерттеушілердің жалпы санынан жас ғалымдардың үлесі (ГҚ/ БМҚ бойынша ғылыми жобаларға қатысу және т. б.) – 1%
- ГҚ/БМҚ бойынша ҒЗЖ шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын ОПҚ үлесі (коэффициентке сәйкес) 13% кем болмайды;
- Ғылыми жобалардың міндеттерін орындауға енгізілген барлық деңгейдегі білім алушылардың саны (ГҚ/ БМҚ бойынша ғылыми жобаларға тарту) әр жобада 2-ге жетеді;
- Халықаралық рецензияланатын журналдарда (Scopus, WoS) жарияланған мақалалар саны (өткен жылы жарияланған мақалалар санына+%) 30 кем болмайды;
- ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізімге сәйкес ҚР дерекқорындағы ғылыми индекс жарияланымдарының саны 15-ден кем болмайды;
- h-индексі (Хирша индексі ) алты (6) және одан жоғары ғалымдар саны 5-тен асады.

## 5. МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАР МЕН ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ

| Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | 2024 | 2025 | 2026 |
|---|---|---|---|---|
| | | Жоспар | Жоспар | Жоспар |
| **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 1. ТҰРАҚТЫ ИНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДАМУ** | | | | |
| **Мақсат 1.1 АЯУ корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| **Міндет 1.1.1 Корпоративтік басқаруды дамыту** | | | | |
| 1.1.1.1 Факультеттегі жобалар саны | Саны | 0 | 0 | 1 |
| 1.1.1.2 Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу | Факт | + | + | + |
| **Міндет 1.1.3 Адам ресурстары мен таланттарды басқарудың институционалдық саясатын әзірлеу** | | | | |
| 1.1.3.1 Факультеттегі қызметке тартылған шетелдік мамандар үлесі | % | 0,5 | 0,8 | 1 |
| 1.1.3.2 ОПҚ ғылыми дәрежелілігі | % | 40 | 45 | 50 |
| 1.1.3.3 Халықаралық сертификаттармен расталған ағылшын және түрік тілдерін меңгерген ОПҚ үлесі | % | 11 | 12 | 12 |
| 1.1.3.4 Оқытылатын пәндер бейіні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен оқытушылардың пайызы (72 сағ. кем емес) | % | 35 | 35 | 35 |
| 1.1.3.5 Біліктілікті арттыру курстарынан өткен оқытушылардың пайызы: | % | 50 | 50 | 50 |
| - сандық дағдылар | | | | |
| - оқу процесінде жасанды интеллектті пайдалану | | | | |
| - инклюзивті білім беру | | | | |
| - студенттің бағдарланған оқытуына/білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін бағалау | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Мақсат 1.2 АЯУ имиджін және беделін нығайту** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| **Міндет 1.2.1 Әлемдегі жетекші отандық рейтингтер мен университеттердің рейтингтеріндегі позицияларды жақсарту** | | | | |
| 1.2.1.1 "Атамекен" рейтингінде үздік 25% - ға енген бағдарламалар саны | Саны | 0 | 1 | 0 |
| 1.2.1.5 QS-BY SUBJECT, ТОП-100 енгізілген бағдарламалар саны | Саны | 1 | 1 | 1 |
| **Міндет 1.2.2 Білім, ғылым және денсаулық сақтау саласындағы жетекші отандық және шетелдік ұйымдармен жаһандық серіктестікті қамтамасыз ету** | | | | |
| 1.2.2.1 Әлемдік жетекші білім, ғылым, денсаулық сақтау және мәдениет ұйымдарымен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар жасалған шарттардың (жаңа меморандумдардың) саны | Саны | 2 | 1 | 2 |
| 1.2.2.2 Ғылыми және инновациялық қызмет бөлігінде ірі бизнес өкілдерімен жасалған қамқорлықты қабылдау жөніндегі жаңа меморандумдар мен келісімдердің саны | Саны | 0 | 1 | 0 |
| **Міндет 1.2.3 Өңірдің, елдің және түркі әлемі елдерінің қоғамының дамуына ықпалын күшейту** | | | | |
| 1.2.3.1 6-74 жас аралығындағы цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған бейресми білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны | Саны | - | - | - |
| 1.2.3.2 Университетімізге тиесілі авторлық құқықпен қорғалған онлайн курстар саны | Саны | 0 | 1 | 0 |
| 1.2.3.3 Бейресми білім беру бағдарламаларындағы тыңдаушылар саны (Күміс университетінен басқа) | Саны | - | - | - |
| 1.2.3.4 БББ тыңдаушылар саны Күміс университетінің бағдарламалары бойынша | Саны | - | - | - |
| **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 2. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮСТЕМДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ** | | | | |
| **Мақсат 2.1 Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы дайындау үшін білім беру экожүйесін құру** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| 1) Алтын белгі, Халықаралық олимпиадалардың, конкурстарының, спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлер саны (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) | Саны | 2 | 1 | 2 |
| 2) Оқуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан | % | 75 | 78 | 80 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| түлектердің үлесі | | | | |
| 3) Білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі | % | 60 | 62 | 65 |
| **Міндет 2.1.1 Халықаралық кампусты дамыту және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру** | | | | |
| 2.1.1.1 Университеттегі халықаралық білім беру бағдарламаларының саны, оның ішінде ағылшын тілінде (қос диплом/бірлескен) | Саны | 0 | 1 | 0 |
| 2.1.1.2 Коэффициентке сәйкес студенттердің жалпы санынан факультеттегі шетелдік студенттердің үлесі (сапалық көрсеткіш) | % | 6 | 6,5 | 7 |
| 2.1.1.3 Оқу процесіне тартылған шетелдік оқытушылар саны (кемінде 1 семестр) | % | 0,5 | 0,6 | 0,7 |
| **Міндет 2.1.2 Білім беру бағдарламаларын тәжірибеге бағытталған талаптарды, отандық және әлемдік стандарттар талаптарын, аймақтық қажеттіліктерді және бейресми оқытуды ескере отырып жаңарту** | | | | |
| 2.1.2.1 Халықаралық деңгейде аккредиттелген білім беру бағдарламаларының саны | Саны | 0 | 1 | 0 |
| 2.1.2.2 Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша әзірленген инновациялық ББ саны | Саны | 0 | 1 | 0 |
| 2.1.2.3 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде триместр, семестр, оқу жылы мерзіміне шетелге кеткен білім алушылар үшін | % | 0,1 | 0,3 | 0,5 |
| 2.1.2.4 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне шетелден келген білім алушылардың үлесі | % | 0,7, | 0,9 | 1 |
| 2.1.2.5 QS рейтингісінің ТОП-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен қосдипломды білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламалары | Саны | - | - | - |
| 2.1.2.6 ОПҚ-ның сыртқы (келгеу/кеткен) академиялық ұтқырлығының үлесі | % | 0,5 | 0,6 | 0,7 |
| 2.1.2.7 Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне келген/кеткен білім алушылардың үлесі | % | 0,3 | 0,4 | 0,5 |
| 2.1.2.8 ОПҚ-ның жалпы санына қарай жұмыс берушілер мен бизнес | % | 5 | 8 | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| өкілдерінің үлесі | | | | |
| 2.1.2.9 Көптілді студенттік топтардың пайызы | % | 10 | 15 | 20 |
| **Міндет 2.1.3 Қазіргі заманғы жоғары білім беру талаптарына сәйкес келетін сапалы оқу және ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету** | | | | |
| 2.1.3.2 Инклюзивті білім беруді дамытуда білім беру бағдарламаларын өзектендіру, іске асыру жөніндегі жұмыс кезінде үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық қорлардың, қоғамдық бірлестіктердің тартылған өкілдерінің саны | Саны | - | 1 | 1 |
| 2.1.3.4 Оқу процесінде әлемдік цифрлық кітапханаларды пайдаланатын білім алушылардың үлесі | % | 10 | 15 | 20 |
| 2.1.3.5 Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік базасын жаңарту (оқыту тілінде) | % | 5 | 5 | 5 |
| **Мақсат 2.2 Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия)** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| 1) Ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылған ЖОО білім алушыларының үлесі (университеттің қоғамдық өмірі,балалар үйлеріндегі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған мектеп-интернаттардағы қайырымдылық акциялары, ҰОС және еңбек майданының ардагерлері үшін, марафондар, концерттік бағдарламалар, студенттік өзін-өзі басқару, клубтар мен қоғамдық ұйымдар, конкурстар,фестивальдар, флеш-мобтар, еріктілік, пікірталас) | % | 29 | 30 | 32 |
| 2) Студенттердің жалпы санынан студенттік үкімет мүшелерінің үлесі | % | 1,4 | 1,5 | 1,6 |
| **Міндет2.2.1 Білім алушылардың интеграцияланған әлеуметтік GPA енгізу** | | | | |
| 2.2.1.1 Білім алушылардың жалпы санынан еріктілердің үлесі (балалар үйлеріндегі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған мектеп-интернаттардағы, ҰОС және еңбек майданының ардагерлеріне арналған қайырымдылық акциялары, волонтерлік) | % | 1,3 | 1,4 | 1,5 |
| 2.2.1.2 Білім алушылардың жалпы санынан қоғамдық ұйымдардың (қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық) мүшелері үшін | % | 2,4 | 2,7 | 3,2 |
| 2.2.1.3 Білім алушылардың жалпы санынан қоғамдық іс-шаралар мен тренингтерге (университеттік, қалалық, облыстық, республикалық, | % | 5,7 | 6,2 | 6,7 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| халықаралық) қатысушылардың үлесі | | | | |
| **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 3. ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ** | | | | |
| **Мақсат 3.1 Зерттеу экожүйесін дамыту** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| 1) ГҚ/ БНҚ бойынша ҒЗЖ шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын жас ОПҚ үлесі (40 жасқа дейін) ынталы жобаны қосқанда | % | 5 | 8 | 10 |
| 2) Ғылыми жобалардың жалпы санынан жүзеге асырылып жатқан халықаралық ғылыми жобалардың саны | Саны | 0 | 0 | 0 |
| 3) ҒЗЖ табыстарының көлемі | Факт, мың тг. | - | + | + |
| **Міндет 3.1.1 Ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру** | | | | |
| 3.1.1.1 ҒЗТКЖ (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен) айналысатын жас ғалымдардың саны (ГҚ/ҒТП, БНҚ бойынша, ҒЗИ жас ғалымдары, докторанттар және т. б. ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу) | % | 0 | 0 | 0 |
| 3.1.1.2 ГҚ/ БМҚ бойынша ҒЗЖ шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын ОПҚ үлесі (коэффициентке сәйкес) | % | 2/5,8 | 2/5,8 | 3/7,5 |
| Міндет 3.1.2 Білім алушылардың ғылыми әлеуетін арттыру | | | | |
| 3.1.2.1 Ғылыми жобалардың міндеттерін орындауға енгізілген барлық деңгейдегі білім алушылардың саны (ГҚ/ БМҚ бойынша ғылыми жобаларға тарту) | Саны | 0 | 0 | 0 |
| Мақсат 3.2 Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| 1) Бюджеттен қаржыландырылатын іске асырылатын ғылыми жобалардың саны | Саны | 0 | 0 | 1 |
| 2) Республикалық бюджеттен (ГҚ) қаржыландырылатын конкурстарға берілген ғылыми жобалардың саны | Саны | 2 | 2 | 1 |
| 3) Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын конкурстарға берілген ғылыми жобалардың саны (БНҚ) | Саны | 0 | 0 | 0 |
| 4) Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингілі басылымдарындағы мақалалар мен ғалымдардың шолуларының саны | Саны | 4 | 5 | 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| +20% | | | | |
| **Міндет 3.2.1 Соңғы өнімі бар ғылыми зерттеулердің әлеуетін арттыру (практикалық қолдану/коммерцияландыру)** | | | | |
| 3.2.1.1 Ғылыми-зерттеу қызметінің коммерцияланатын жобаларының саны | Саны | 0 | 1 | 0 |
| 3.2.1.2 Бюджеттен қаржыландырылатын барлық ғылыми жобалардың санынан коммерцияланатын жобалардың үлесі | % | 0 | 0 | 0 |
| 3.2.1.3 ЖОО-да қызметкерлер іске асырған стартап жобалардың саны | Саны | 1 | 0 | 1 |
| 3.2.1.4 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі (бұдан әрі – ҒҒТҚН) және қолданбалы ғылыми зерттеулердің коммерцияланатын жобаларын жеке қоса қаржыландыру көлемі (Жергілікті атқарушы орган, бизнес өкілдері) | Факт, мың.тг. | + | + | + |
| 3.2.1.5 Білім алушылардың стартап- жобаларының әр жылғы саны | Саны | 0 | 1 | 0 |
| **Міндет 3.2.2 Ғалымдардың жарияланымдық белсенділігі мен жарияланымдарының сапасын арттыру** | | | | |
| 3.2.2.1 Халықаралық рецензияланатын журналдарда (Scopus, WoS) жарияланған мақалалар саны (өткен жылы жарияланған мақалалар санына+20%) | Саны | 12 | 14 | 18 |
| 3.2.2.2 ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізімге сәйкес ҚР дерекқорындағы ғылыми индекс жарияланымдарының саны | Саны | 3 | | |
| 3.2.2.3 Н-индексі (Хирша индексі) алты (6) және одан жоғары ғалымдар саны | Саны | 2 | 2 | 3 |
| 3.2.2.4 Ғылыми монографиялар/кітап тарауларының саны (Scopus, WOS) | Саны | 0 | 0 | 0 |
| **Міндет 3.2.3 Ғалымдардың инновациялық белсенділігін арттыру** | | | | |
| 3.2.3.1 Мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылған ҒЗЖ шеңберінде алынған патенттер саны | Саны | 0 | 1 | 0 |
| 3.2.3.2 Халықаралық деңгейдегі патенттер және жіберілген өтінімдер саны (әр жылғы) | Саны | 1 | 0 | 1 |
| 3.2.3.3 Өндіріске/оқу процесіне енгізілген ҒЗЖ нәтижелері | Факт | + | + | + |

## 6. Ресурстар

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қызметі «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесіне 2012 жылдың 03 ақпанында берілген № АБ 0137408 Мемлекеттік лицензиясы (тірк. 28.09.2012 жылғы № 990440008043) мен Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Университеттің Инженерия факультеті, Электр инженериясы кафедрасының оқу үдерісі жүргізілетін ғимараты Кентау кампусында орналасқан.

Кафедраның материалдық-техникалық базасы, оқытушы – профессорлар әлеуеті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай. Білім сапасын, оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыру, жас ұрпаққа тағылымды тәрбие беру факультеттің профессор-оқытушы құрамы – ұстаздар қауымының тікелей міндеті.

Студенттерге сапалы білім беру үшін қазіргі заман талабына сай жабдықталған зертханалар мен кабинеттер бар. Студенттердің жеке тұлға ретінде қалыпталып, шығармашылық талантының ашылуына барлық мүмкіндіктер жасалған.

Кафедра ұжымы жаңа заман талабына сай мамандар даярлап, халықаралық деңгейдегі білім беру үшін педагогикалық инновациялық технологияларды қолданып, аянбай еңбек етуде.

Оқу процесі техникалық жабдықтармен жабдықталған, интернет жүйесіне қосылған компьютерлермен, оқулықтар мен электронды оқулықтармен толық қамтамасыз етілген. Дәрістен тыс уақытта студенттер өнерін, интеллектігін жан-жақты дамытуға, денсаулығын нығайтуға толық жағдай жасалған. Кафедра БББ мемлекеттік стандарт негізде түзілген оқу бағдарламаларына сәйкес кафедра оқытушылары дайындаған оқу құралдарымен, оқулықтармен және оқу-әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етілген.

Кафедраның материалдық-техникалық базасы жылдан-жылға жаңарып келеді. Студеттік деканат, оның құрамы оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіруге өз көмегін тигізуде. Оқытушы-профессорлар құрамы студенттер қауымына білім және тәлім-тәрбие беру жолында абыройлы еңбектің үлгісін көрсетіп келеді.

Кітапхана Web of Science, Scopus, Springer Link, Cochran Library дерекқорларының электронды ақпараттық ресурстарына, сондай-ақ Ulakbim (Түркия) электронды ақпараттық ресурстарына еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді. 3 мыңнан астам кітап қоры бар.